

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

б. Семичева, Э. И. Социально-психологическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями и их семей / Э. И. Семичева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2019. — № 25 (263). — С. 434-436. — URL: <https://moluch.ru/archive/263/60935/> (дата обращения: 05.11.2022).

КРЕАТИВТІ ТАП - АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ:РӨЛІ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Турегелдиева Арайлым
arayturegeldi@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің
«7М03101– Әлеуметтану» мамандығы 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Б.Ж. Смағамбет, ә.ғ.к., доцент, әлеуметтану кафедрасының
профессоры

Аннотация

Мақалада «креативті тап» теориясы қарастырылады. Креативті таптың анықтамасына толық тоқтала отырып, «креативті тап» ұғымының қалыптасуы қарастырылады. Креативті таптың азаматтық қоғам құрудағы маңыздылығы және оның неге қозғаушы күш екендігі түсіндіріледі. Сондай-ақ, азаматтық қоғамды құру аясында креативті таптың даму перспективалары баяндалады.

Кілт сөздер: креативті тап, азаматтық қоғам, даму перспективалары.

«Креативті тап» тұжырымдамасын алғаш рет Ричард Флорида өзінің «креативті таптың көтерілуі» кітабында тұжырымдады. Флорида - экономист және әлеуметтанушы, қалалар мен аймақтардың экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан қалай және неге дамып жатқанын түсіну үшін ауқымды зерттеулер жүргізді. Оның теориясы бойынша экономикалық өсу мен даму - қалалар мен аймақтардың шығармашылық және талантты адамдарды қаншалықты сәтті тартып, ұстап тұруына байланысты.[1]

«Креативті тап» термині пайда болғанға дейін шығармашылықпен айналысатын және экономикаға айтарлықтай үлес қосатын адамдар тобын сипаттау үшін бірнеше танымал терминдер қолданылған. Осындай терминдердің бірі - америкалық әлеуметтанушы Эльвин Тоффлер өзінің «Үшінші толқын» (1980) кітабында енгізген «ақпараттық тап» термині. Тоффлер бұл терминді ақпараттық технологиялар саласында мамандандырылған білімі мен дағдылары бар және оларды қоғамда жұмыс істеу және өзара әрекеттесу үшін қолданатын әлеуметтік топқа сілтеме жасау үшін қолданды. Кітапта Тоффлер ақпараттық тапты қоғам жағдайында өнеркәсіптік класты алмастыратын жаңа элита ретінде қарастырады. [2] Сонымен қатар, 1990 жылдары америкалық әлеуметтанушы Ричард Сеннетт заманауи жұмысшылар техникалық және мәдени сияқты әртүрлі білім мен дағдыларды біріктіретін саланы сипаттау үшін «гибридті әлем» терминін қолданды. [1]

Тағы бір термин – «символдық аналитикалық тап». Бұл терминді француз әлеуметтанушысы Пьер Бурдьё 1964 жылы жарық көрген «Мұрагерлер: студенттер және мәдениет» атты еңбегінде енгізген. Бұл кітапта Бурдьё студенттердің әлеуметтік шығу тегін және олардың оқу мен кәсіби мансаптағы жетістіктері мен сәтсіздіктерін анықтайтын байланысты факторларды талдады. Ол «символдық аналитикалық тапты» қоғамның әлеуметтік құрылымы мен мәдени құндылықтарына айтарлықтай әсер ететін негізгі әлеуметтік топтардың бірі ретінде анықтады. [3]

Ричард Флориданың жоғарыда айтылып өткен «Креативті таптың көтерілуі» кітабында «креативті тап» термині бұрын айтылған терминдердің эволюциясы екенін атап өтеді және «креативті тап» тек ақпарат пен символдар саласында жұмыс істейтін адамдарды ғана емес, сонымен қатар, сөздің кең мағынасында шығармашылық қызметпен айналысқандарды қамтитынын түсіндіреді.

«Креативті тап» термині интеллектуалды еңбекпен, оның ішінде ғылыммен, өнермен, медиамен, дизайнмен, ақпараттық технологиялармен және т.б. байланысты жұмыстармен айналысатын адамдарды сипаттайды. Ричард Флорида креативті тап көбінесе жоғары білім, төзімділік, ашықтық және жаңа идеяларға деген құштарлықты қамтитын белгілі бір өмір салтымен байланысты екеніне назар аударады. Креативті тап - қалалар мен аймақтарды дамытудың қозғаушы күші, өйткені олар өз қызметінің көмегімен қоғамның экономикалық өсуі мен әл-ауқатына әсер ететін жаңа өнімдер мен қызметтерді жасай алады. [1]

Алайда, креативті тап тұжырымдамасының сыншылары осы тұжырымдаманың шектеулі болуы мүмкін екенін дәлелдеуге тырысады, өйткені «ол тек шығармашылық және зияткерлік салаларда жұмыс істейтіндер ғана экономикалық өсуге айтарлықтай үлес қоса алады деген түсінікке негізделген» деген тұжырымды ұстанады. Сондай-ақ, креативті тапқа басымдық беру теңсіздіктің тереңдеуіне әкелуі мүмкін деген алаңдаушылық туды, өйткені шығармашылық саладағы жұмыс - экономиканың басқа салаларындағы жұмыстарға карағанда жоғары бағаланады.

Сынға қарамастан, «креативті тап» тұжырымдамасы әлемдік қоғамдастықта өте танымал болды және әртүрлі контекстерде қолданылады. Оның дамуы «креативті индустриялар», «креативті экономика» және «креативті қалалар» сияқты жаңа терминдердің пайда болуына түрткі болды.

Креативті тап - экономикалық өсу мен дамуға үлес қосып қана қоймай, азаматтық қоғамның қозғаушы күші. Ол әлеуметтік өмірді өзгерте алатын жаңа идеялар мен жобалар жасауға қабілетті. Креативті тап демократиялық және тұрақты қоғамдар құруға мүмкіндік беретін әртүрлі әлеуметтік және мәдени бастамаларды қолдап, дамыта алады. [4]

Креативті тап - азаматтық қоғамды құру мен дамытуда маңызды рөл атқарады және азаматтық қоғамның қозғаушы күші. Осы тап өкілдері көбінесе белсенді азаматтар және қоғамдық қозғалыстардың жетекшілері ретінде әрекет етеді. Олардың шығармашылық ойлау қабілетіне және қоғамның мәселелерін әртүрлі жағынан көру қабілетіне ие. Бұл оларға күрделі мәселелердің жаңа шешімдерін табуға және қоғамның дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді. Суретшілер, дизайнерлер, жазушылар, музыканттар және т.б. сияқты шығармашылық мамандықтар қоғамның мәдени ландшафтын қалыптастырады. Мәдени ландшафт - өнер мен мәдениеттен құрылған материалдық және рухани құндылықтар кешені. Мәдени ландшафт жаңа өнер туындыларын, кітаптарды, музыканы, фильмдерді және басқа да шығармашылық өнімдерді жасау арқылы қалыптасады. Креативті тап осы процеске ықпал ете алады, себебі оның өкілдері мәдени ландшафттың бір бөлігіне айналатын жаңа және ерекше идеяларды жасау үшін әрекет етеді.

Креативті тап экономикадағы инновация мен дамудың қозғаушы күші ғана емес, сонымен қатар ол экономикалық дамуға ықпал ететін жаңа және инновациялық өнімдерді, қызметтерді және технологияларды жасау үшін еңбек етеді. Сонымен қатар креативті тап жаңа технологияларға және экономикалық ортадағы өзгерістерге тез бейімделу қабілетіне ие.

Креативті тап әлеуметтік және саяси өзгерістер үшін әлеуетіне байланысты азаматтық қоғам құруда маңызды рөл атқарады. Ол шығармашылық қабілеттерін әлеуметтік мәселелерді көтеру барасында, өзіндік креативті әдістерді қолдана отыра, мәселелерге айрықша назар аударта алады. Бұған өнер, әдебиет, музыка және т.б. сияқты шығармашылық жолдар арқылы қол жеткізуге болады. Сондай-ақ креативті тап өзінің интеллектуалды және мәдени капиталын саяси өзгерістер мен әлеуметтік құқықтар үшін күресті қолдау үшін пайдалана алады. [1]

Айта кететін жәйт креативті тап қолайлы жағдайда ғана дами алады. Оның табысты дамуы мен қоғамдық өмірге қосқан үлесі үшін өмірдің жоғары сапасы, білімнің қолжетімділігі, инфрақұрылым және кәсіби және жеке даму мүмкіндіктері сияқты қолайлы жағдайлар қажет. Жалпы, «креативті тап» тұжырымдамасы - қалалар мен қоғамдардың қалай дамып жатқанын және экономикалық өсу мен әлеуметтік прогреске қандай факторлар ықпал ететінін түсінудің маңызды құралы. [5]

Азаматтық қоғамның санасында креативті таптың дамуының көптеген

перспективалары бар. Негізгі перспективаның бірі - жастарға креативті және жаңашыл болуға көмектесетін білім беруді дамыту және шығармашылық ойлауды қолдау. Сондай-ақ, қаржылық және инфрақұрылымдық ресурстарға қол жеткізуді қоса алғанда, креативті тап үшін еңбек және өмір сүру жағдайларын жақсарту қажет. Экономикалық өсуге және жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ететін креативті экономиканың дамуына ықпал ету де маңызды. [6]

Тағы бір даму перспективасы - шығармашылық адамдар үшін табыс көзі ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғамның қозғаушы күші бола алатын мәдени-шығармашылық салаларды дамыту және қолдау. Мысалы, мәдени саладағы коммерциялық емес ұйымдар қоғамдық пікірдің қалыптасуына әсер етуі және жалпы азаматтық қоғамның дамуына ықпал ететін мәдени хабардарлық деңгейін арттыруы мүмкін.

Соңғы даму перспективасы - креативті адамдардың шешім қабылдауға, оның ішінде мемлекеттік басқару деңгейінде қол жетімділік деңгейін және қатысуын арттыру. Бұл креативті адамдар арасындағы қарым-қатынас пен тәжірибе алмасу платформаларын құру, сондай-ақ мемлекет пен креативті тап арасында серіктестік орнату арқылы мүмкін болады. [7]

Қорытындылай келе, креативті тап экономикалық және әлеуметтік прогрестің қозғаушы күші бола отырып, азаматтық қоғамды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады деп айтуға болады. Білім беруді дамыту және шығармашылық ойлауды қолдау, еңбек және өмір сүру жағдайларын жақсарту, сондай-ақ креативті экономиканы дамытуға жәрдемдесу креативті тапты дамытудың негізгі перспективалары болып табылады. Алайда, оның дамуының ықтимал жағымсыз салдарын ескеру және оның әлеуетін қоғамның барлық мүшелерінің мүддесі үшін барынша пайдалану мақсатында жұмыс істеу маңызды. Осы мақсатқа жету жолында креативті таптың қаржылық және инфрақұрылымдық ресурстарға қолжетімділігін жақсартуға, сондай-ақ креативті идеялар мен инновацияларды дамытуға қолайлы орта құру үшін жәрдемдесуге мүмкіндік беретін шаралар қабылдау қажет. Бұл жағдайда креативті салалар мен мамандардың алуан түрлілігін назарда ұстап, олардың қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескеру қажет. Креативті тап теориясын дамыту және оны тәжірибеге енгізу креативті идеялар мен инновацияларды дамыту үшін қолайлы орта құруға көмектеседі, бұл өз кезегінде өмір сапасының жақсаруына және тұрақты экономикалық өсуге әкеледі. Осылайша, шығармашылық пен инновацияны дамытуға қолайлы жағдайлар жасау қазіргі азаматтық қоғамды дамытудағы қажетті қадамы болып саналады. Қазақстандағы креативті тап бар, бірақ ол әлі де терең зерттелмеген және жеткілікті жүйеленбеген күйінде қалып отыр. Шығармашылық мамандықтар мен инноваторларды қамтитын креативті тап азаматтық қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Осыған қарамастан, қазіргі уақытта Қазақстанда креативті тап туралы мәліметтер базасы жеткіліксіз, бұл оны зерттеу мен талдауды қиындатады. Қазақстандағы креативті тапты зерттеу - елдің экономикасын, әлеуметтік саласы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесін анықтау үшін маңызды.

Креативті тап - инновациялар мен жаңа технологияларды дамытуға, сондай-ақ халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға өз үлесін қоса алады. Оның құрамы, қызметі және қоғамның дамуына қосқан үлесі туралы деректерді жинау мен талдауды қоса алғанда, Қазақстанда креативті тапты неғұрлым терең және жүйелі зерттеу жүргізу қажет. Сонымен қатар, мұндай зерттеулер креативті тапты қолдау үшін жағдай жасауға көмектеседі, оның ішінде оның әлеуетін дамытуға бағытталған арнайы бағдарламалар мен іс-шаралар құру арқылы іске аса алады.

Жалпы, Қазақстандағы креативті тапты зерттеу елдің дамуы үшін маңызды, сондықтан бұл мәселеге әлеуметтік, мәдени және экономикалық институттар тарапынан тиісті көңіл бөлу және қолдау көрсету қажет. Біз Қазақстандағы креативті тапты жеткіліксіз зерделеу проблемасына назар аударып, осы салада қосымша зерттеулер жүргізуге шақырғымыз келеді. Сондықтан креативті таптың құрылымын, әлеуетін және қоғам дамуының әртүрлі аспектілеріне қосқан үлесін тереңірек зерттеп, оның одан әрі дамуын қолдау шаралары

кешенін жасақтаған жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Флорида Ричард Креативный класс: люди, которые меняют будущее, 2007, Москва : Классика — XXI, С.414
2. Тоффлер Элвин Третья волна, 2019, М.: АСТ. - С.496.
3. Бурдые Пьер Наследники, студенты и культура: Эссе по социологии современного культурного творчества, 2000, М.,: Прогресс-Традиция. - С. 384
4. Винокурова. Н.А. Теория креативного класса: за и против // Центральный экономико-математический институт РАН. - 2014. - №2. - С.128-134
5. Овчарова, Л.Н. Креативный класс и его место в региональной экономике // Региональные исследования.- 2014. - №39. - С.51-60.
6. Жилинский К. В., Коротков Е. М., Ковальчук О. В. Развитие креативных индустрий как фактор экономического роста в России //Экономические науки. - 2018. -№3(164) – С.50-55.
7. Любимова А. А., Балугев А. С. Культурные технологии как фактор развития гражданского общества // Журнал Российского права. - 2016. - № 1 (141). - С.77-84

УДК 316 (574)

ВОСПРИЯТИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ У МОЛОДЕЖИ В ПОЛИЭТНИЧНОМ ГОСУДАРСТВЕ

Тынгишева Назгуль Мухмедкалиевна

tyngisheva_n@mail.ru

Магистрантка 1 курса кафедры социологии, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Научный руководитель – Отар Э.С.

В связи с тем, что Казахстан является полиэтничным государством, проблема идентичности занимает важное место в современном обществе. По данным переписи населения 2021 года насчитывает 19 миллионов 186 тысячи человек. Доля основных этносов казахов - 70,4 %, русских - 15,5 %, узбеков - 3,2 %, украинцев - 2,0 %, уйгур - 1,5 %, немцев - 1,2 %, татар - 1,1 %, азербайджанцев - 0,76 %, корейцев - 0,62 %, турков - 0,45 % [1].

Актуальность изучения идентичности, в частности, этнической, связана как с глобальными изменениями в мире, так и трансформацией казахстанского общества. Процессы глобализации создали тенденцию возрастающей этнической открытости, которую поддерживают как поддерживаемой одновременно законами демократического общества, так и возрастающей цивилизованностью наций. Этническая идентификация перестает быть результатом нормативного набора признаков, а становится итогом, в том числе, и индивидуального выбора, связанной с интериоризацией этнических норм, традиций и культурных нематериальных атрибутов. Предложение этнического самоопределения находит отклик в том числе и среди молодежи – как акт свободного выбора и уважения личности [2].

Для глубокого понимания термина этническая идентичность, нам необходимо установить определения этноса. Этнос – или этническая общность – это совокупность людей, которые имеют общую культуру, говорят, как правило, на одном языке и осознают как свою общность, так и свое отличие от членов других таких же человеческих групп [3]. Каждый этнос в той или иной степени внутренне неоднороден: внутри него выделяются субэтноты, консорции и конвексии, которые могут возникать и распадаться, причем ощущение единства этноса как целого у их членов не теряется. Основными объединяющими факторами этноса можно выделить самоназвание группы, происхождение, общая история, общая культура, общая историческая родина и чувство солидарности.